

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ

2019 жылдың 11 қарашасы

### **KASE 2019 жылдың қараша айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2019 жылдың қараша айында биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады.

- 2019 жылдың қараша айында KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 9 549,6 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 7,6 % немесе 674,3 млрд теңгеге өсті;
- Бағалы қағаздар нарығында өсім акциялар секторында – 6,4 есе, және МБҚ секторында – 27,4 % тіркелді.
- 2019 жылдың қараша айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 3 % өсіп, 2 318,23 нүктені құрады.
- 2019 жылдың 01 желтоқсан айында KASE ресми тізімінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторының сауда-саттық тізімінде 178 эмитенттің бағалы қағаздары болды.
- Корпоративтік облигациялар секторында алғашқы орналастыру көлемі 58,7 млрд теңгеге жетті.
- Қараша айында корпоративтік облигациялар секторының ресми тізіміне бес эмитенттің алты шығарылымы енгізілді, олардың екеуі алғаш рет листингтен өтті.

#### **АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Қараша айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 1,7 % немесе 258,4 млрд теңгеге өсіп, 15,8 трлн теңгені құрады. Өсім ірі компаниялардың, оның ішінде KASE Индексі есептеуіне кіретін акцияларының бағасы артуы есебінен болды.

Айдың аяғында KASE ресми тізімінде 125 эмитенттің 141 акциялары орналастырылды, олардың ішінде төрт компанияның төрт атаулы акциялары листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Қазан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 6,4 есе немесе 51,6 млрд теңгеге өсіп, 61,2 млрд теңгені құрады. Орташа күндік көлемі 2,9 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінен 54,9 % құрады. Екінші деңгейдегі банктердің қатысуы (ЕДБ) – 2,9 %, брокер-дилерлер – 17,4 %, өзге институционалдық инвесторлар – 2,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 22,8 %. Бейрезиденттердің қатысуы 19,5 % бағаланады.

#### **KASE ИНДЕКСІ**

KASE Индексі қараша айынан бері 3 % немесе 68,34 нүктеден 2 318,23 нүктеге дейін өсумен аяқтады. Жыл басынан бері KASE Индексі 0,58 % немесе 13,29 нүктеге өсті.

01 қарашадан бастап KASE Индексінің өкілеттік тізіміне "Қазатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ акциялары енгізілді. Олардың Индекс құрамындағы үлесі 15%. Сонымен, KASE Индексіне ағымдағы сәтте 8 атаулы акция кіреді.

## KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.10.2019	01.11.2019	жыл басынан бері
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	24 682,99	26 750,00	+8,37
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 253,40	2 436,90	+8,14
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	127,20	133,89	+5,26
"Кселл" АҚ	KCEL	2 175,00	2 219,00	+2,02
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	228,01	231,99	+1,75
"Казатомпром "Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	5 354,79	5 308,00	-0,87
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 590,24	-2,08
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 036,11	1 010,93	-2,43

Есептік кезеңде индекстік корзинаның екі компоненті айтарлықтай өсімді көрсетті. "Қазақтелеком" АҚ акциялары 8,4% қымбаттап, ағымдағы жылдың мамыр айының соңындағы деңгейіне жетті. Акциялары өсімінің басты импульсі 2019 жылдың 9 айындағы қаржылық есептіліктің жақсы көрсеткіштері мен телекоммуникация секторында компанияның мықты стратегиялық позициясы болып отыр. 2019 жылдың 9 айында "Қазақтелеком" АҚ түсімдері 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 90% дейін өсіп, 298,6 млрд. теңгені құрады. Түсім өсімі мобильдік телекоммуникациялық байланысы өсімі есебінен өсті. Мықты стратегиялық позиция сектордың жоғары концентрациясына негізделеді және байланыс желілерін өткізу және жаңғырту бойынша ірі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған.

KAZ Minerals PLC акциялары бір айда 8,14% өсті. Оң динамика операциялық көрсеткіштердің өсімі жалғасуына байланысты сақталды. 2019 жылдың 9 айында компания 230,5 мың тонна мыс өндірді, ол өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі мәнінен 6.3% асады. Акциялары алдыңғы қатарда келе жатқан көшбасшылардың үштігін "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ аяқтады, олар бір айда 5,26% өсті. Бір айдың ішінде акциялар айналым жинап, 2 376 мәміле жасалды. Компания акцияларының негізгі өсім драйвері ретінде аралық қаржылық есептілік нәтижелері мен банктің жоғары жүйелілігін сақтау көрсеткіштері шықты. Сонымен қатар, жақындағы жахандық депозитарлық жазылымдарды орналастыру және компанияның free float деңгейі артуы үлесін қосты. 9 айдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелері оң көрсеткіштер көрсетіп, негізгі қаржылық көрсеткіштері бойынша бұрынғы қарқынын жалғастырды. Топтың таза табысы көбінесе таза пайыздық табыс өсімі есебінен 164 млрд теңгеден 251 млрд (+53,3%) теңгеге өсті.

### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2019 жылдың қарашасында KASE ресми тізімінде 257 эмитенттің 69 корпоративтік облигациялары шығарылымы болды. Қараша айында ресми тізіміне бес эмитенттің шығарылымы енгізілді, олардың екеуі Биржада алғаш рет листингтен өтті: "AMF Group" АҚ, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры АҚ, "ТехноЛизинг" ЖШС, "QS Holding" ЖШС және "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ екі шығарылымы.

Аталмыш айда KASE сауда-саттық тізімінде келесі эмитенттердің бес шығарылым облигациялары шығарылды "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Альфа-Банк" Еншілес ұйымы" АҚ, "AMF Group" АҚ "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ облигацияларын мерзімінен бұрын өтеуге байланысты, айналым мерзімі өтуіне байланысты шығарылды.

Корпоративтік борыш көлемі айналымда қараша айында 2,9 % немесе 358,4 млрд теңгеден 12,2 трлн теңгеге дейін төмендеді.

Корпоративтік облигациялардың кірістілігі индексі мәні KASE\_BMY жыл басынан бері 3 базистік нүктеге төмендеп, жылдық 10,68 % құрады.

Қазақстан қор биржасында корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қазан айына қарағанда 84,4 % төмендеп немесе 344,1 млрд теңгеден 63,5 млрд теңгеге артты.

Қараша айында корпоративтік облигациялардың алғашқы секторында жалпы сомасы 58,7 млрд теңгеге сегіз шығарылым орналастырылды, ол қазан айының көрсеткішінен 85,5 % немесе 344,6 млрд теңгеге төмен.

- "Хоум Кредит энд Финанс Банк" Еншілес банкі АҚ 05 қарашада HCBNb6 облигацияларын өтеу мерзімі 2,1 жыл, жылдық 13,5 % орналастыра отырып, 2,6 млрд теңге тартты;
- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ 15 қарашада BASPb5 екі жылдық облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,8390 % орналастырып, 47,6 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ 15 қарашада өтеу мерзімі 6,9 жыл, AGKKb облигацияларын жылдық 10,75 % орналастыра отырып, 127,9 млрд теңге тартты;
- "ТехноЛизинг" ЖШС жазылым арқылы төрт жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 584,9 млн теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында ЕДБ үлесі 43,2 % құрады. брокер-дилерлер – 6,1 %, өзге институционалдық инвесторлар – 45,1 %, өзге заңды тұлғалар – 5,4 %, жеке тұлғалар – 0,3 %.

Есептік кезеңде облигациялардың қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 11,2 % немесе 0,5 млрд теңгеге төмендеп, 4,8 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы ЕДБ қатысу үлесі 15,8 %, брокер-дилерлер – 46,8 %, өзге институционалдық инвесторлар – 11,5 %, өзге заңды тұлғалар – 22,0 %, жеке тұлғалар – 4,0 %. Резидент еместер үлесі 6,1 %.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ**

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны есептік айында 2,1% немесе 264,2 млрд теңге өсіп, 12,9 трлн теңгені құрады.

Қараша айында МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,6 есе немесе 44,5 млрд теңгеге өсіп, 73,0 млрд теңгеге жетті. Мемлекеттік бағдарламаны орындау аясында үш облыстың жергілікті атқарушы органдары 12,3 млрд теңге тартты ( 41,1 % артық, ұазан айында 8,7 млрд теңгеге орналастыру болды). Қалған көлемі – 60,6 млрд теңге, ол 3,1 есе немесе 40,9 млрд теңгеге артық, қазан айының ұқсас көрсеткішінен жоғары – Қаржы министрлігі жеті ұзақ мерзімді шығарылымды және орташа мерзімдік облигациялардың бір шығарылымын 8,92–9,81 % орналастырып, тартты.

Инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ - 1 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 82,1 %, заңды тұлғалардың үлесі 16,9 %. Бейрезиденттер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

Есептік кезеңде МБҚ алғашқы нарықтағы сауда-саттықтарының көлемі 65,2 % немесе 25,8 млрд теңгеге азайып, 13,8 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан 94,8 % Ұлттық Банктің ноттарына келді. Қайталама нарықта жалпы көлемінен 4,3 % шет мемлекеттіердің МБҚ жасалды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 47,4 %, брокер-дилерлердің үлесі – 16,5 %, өзге институционалдық инвесторлар – 18,9 %, өзге заңды тұлғалар – 15,6 %, жеке тұлғалар – 1,5 %. Резидент еместер қатысқан жоқ.

### **ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Есептік айда KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 27 шығарылымы болды, соның ішінде: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Азия даму банкі. Қазан айында KASE ресми тізіміне IFC екі жылдық облигациялардың бір шығарылымы қосылды.

Есептік кезеңде Қазақстан қор биржасында ХҚО облигацияларын орналастыру болған доқ. Аталмыш секторда қайталама нарықта мәміле жасалған жоқ.

### **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ**

2019 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторында сегіз компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Сауда-саттық көлемі есептік айда 212,2 млн теңгені құрады, қазанда – 3,5 млн теңге. Инвесторлардың негізгі санатында 63,9 % жеке тұлғаларға, 3,6 % – брокер-дилерлерге және 32,5 % – өзге заңды тұлғаларға келеді.

### БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2019 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарииде жеке тұлғалар ашқан 118 795 жеке шот бар, ол өткен аймен салыстырғанда 646 шотқа аз және 2019 жылдың басына қарағанда 1 971 шотқа артық.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шет ел валюталарының нарығында сауда-саттық көлемі 841,2 млрд теңгеге жетті, ол өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 0,1 % немесе 1,2 млрд теңгеге төмен.

Келесі кестеде KASE саудаланатын валюталық жұбының негізгі сипаттамасы келтірілген (жақшаның ішінде өткен жылдың сәйкес кезеңінде көрсеткішінің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шет елдік валютаның теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналдық өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	2 126,1 (+1,6 %)	97,9 % (+1,3 %)	5 658 (-238)	385,07 – 389,54	386,36 (-0,6 %)
RUB/KZT	2 379,8 (-42,6 %)	1,7 % (-1,2 %)	108 (-9)	6,0344 – 6,1253	6,0344 (-1,0 %)
CNY/KZT	25,6 (+34,1 %)	0,2 % (+0,04 %)	62 (+12)	54,6888 – 55,6621	54,9480 (-0,6 %)
EUR/KZT	3,4 (-24,4 %)	0,2 % (-0,1 %)	19 (-6)	424,97 – 434,09	425,30 (-2,2 %)

### АҚША НАРЫҒЫ

Қараша айының соңында TONIA индикаторы 160 б.н. төмендеп, жылдық 10,17 % құрады, сонымен қатар TWINA индикаторның мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 58 б.н. төмендеп, жылдық 9,50 % төмендеп құрағанын көрсетті.

Қараша айының соңында бір күндік долларлық своп кірістілігі бір айда 217 б.н. жоғалтып, SWAP-1D (USD) жылдық 10,26 % құрады. Екі күндік своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 197 б.н. өсіп, жылдық 10,19 % құрады.

Қараша айында KazPrime-3M (KZT) индикаторы өзінің қозғалысын Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шегінде жалғастырып, индикаторы жылдық 10,25 % құрады.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index қыркүйек айының соңында жылдық 10,18 % құрап, 169 б.н. өсті.

### РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 6 863,7 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 22,5 % немесе 1 262,8 млрд теңгеге өсті.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 98,3 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 79,2 % құрады.

## **ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ**

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 15,7 % азайып, 304,1 млрд теңгеден 1 633,1 теңгеге дейін құлдырады. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 72,6 % (1,2 трлн теңге немесе 3,1 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT\_0\_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

## **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Қараша айында апталық фьючерстермен мәміле жасалған жоқ. Желтоқсан айының басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz